

**«22 Наурыз» мерекесіне арналған «Наурыз мерекесі» атты өткізілген
ертеңгілік хаттамасы**

Қатысқандар :

1. Қатысқандар:

Директор : С.Р.Мусаева

Әдіскер : Т.Е.Махашева

Тәрбиешілер : 6

Барлығы :8

20.03.2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Ертеңгілік «Өз Наурыз » Жауапты: №1 кіші топ тәрбиешісі Мендыгулова А
2. Ертеңгілік «Қош келдің Наурыз» Жауапты:№2 ортаңғы топ тәрбиешісі Тамашова Жазира
3. Ертеңгілік «Ұлыс күні оң болсын» Жауапты: №3 ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Ү

Тыңдалды :

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Махашева Тілек өз сөзінде. 22 Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік наурыз айының 18-20 жұлдыз аралығына болғаны туралы айтып өтті. Ертеңгілікке барлық тәрбиешілер өз деңгейінде дайындалды. Әр топ қазақ халқының салт дәстүрін дәріптейтін көрнекі құралдар пайдалана және безендіріп орындады. №1 кіші топ тәрбиешісі Айдар Ұлпанның наурыз мерекесіне арналған «Жаңа жыл» ертеңгілікке тоқтала кететін болсам. Ертеңгілікке тәрбиеші жақсы деңгейде дайындалған. Балалар киімдері жақсы деңгейде. Тәрбиеші Наурыз мерекесіне арналған тақпақтар , өлеңдер берілген. Қазақ халқының ою өрнектерін пайдала отырып ойындар алынған. Ұлттық ойындар ойналды. Тәрбиешінің өзін өзі ұстауы жақсы деңгейде. Өз сөзімді қорыта келе жақсы деп бағалаймын.

1.1. Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Карасаева А №1 кіші топ тәрбиешісі Мендыгулованың наурыз мерекесіне арналған «Өз Наурыз» ертеңгілікке тоқтала кететін болсам. Ертеңгілікке өте жақсы деңгейде дайындалған. Балалар киімдері тәрбиеші киімдері жақсы деңгейде дайындалған. Тәрбиешінің өзін өзі ұстауы жақсы деңгейде. Сөздік қоры байланыстыра сөйлеу дағдысы жақсы деңгейде . балалардың тақпақтары, өлеңдері билері бала жасына сай алынған. Балалар тақпақтарын билерін билей білді. ата аналар ертеңгілікке жақсы деңгейде қатысты. Өз сөзімді қорыта келе ертеңгілікті жақсы деп бағалаймын.

2.Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Тажигулова Маралдың өз сөзінде №2 ортаңғы топ тәрбиешісі Тамашова Жазираның«Қош келдің Наурыз» атты


ертеңгілікке өте жақсы деңгейде дайындалған. Балалар киімдері тәрбиеші киімдері жақсы деңгейде дайындалған. Тәрбиешінің өзін өзі ұстауы жақсы деңгейде. Сөздік қоры байланыстыра сөйлеу дағдысы жақсы деңгейде. Балалардың тақпақтары, өлеңдері билері бала жасына сай алынған. Балалар тақпақтарын билерін билей білді. Ата аналар ертеңгілікке жақсы деңгейде қатысты. Ұлттық ойындар ойналды. Асықтарды пайдалана отырып ұлттық ойындар ойналды. Өз сөзімді қорыта келе ертеңгілікті жақсы деп бағалаймын.

3. Үшінші мәселе бойынша Үшінші мәселе бойынша Тамашова Жазира өз сөзінде «Ұлыс күні оң болсын» 22 Наурыз мерекесіне арналған №3 ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Үміттің өткізген ертеңгілік тоқтала кететін болсақ. Өз деңгейінде өтті. Әр ата – анамен балалармен жеке жұмыстар жасалғаны көрініп тұр. Балалардың киімдері сай, көрнекі құралдары дайындалған. Балалар ән саз ырғағымен залға кіріп тәрбиеші аналарға, әжелерге арнап өз тақпақтарын айтып өтті. Балалардың ән ырғақты сезініп билеуі жақсы деңгейде. Балалармен тақырыпқа сай ойындар ойнатылды. Тәрбиешінің дауыс ырғағы байланыстыра сөйлеу дағдысы жақсы деңгейде. Ата аналармен ойындар ойнатылды. Өз сөзімді қорыта келе аналар мерекесіне арналған ертеңгілік жақсы деңгейде өтті деп бағалаймын.

Шешімі:

«22 Наурыз» мерекесіне арналған «Наурыз мерекесі» атты өткізілген ертеңгілік «жақсы» деп бағалынсын.

Шағын орталық директоры :
Хатшы:



С.Р. Мусаева
Т.Е.Махашева

«Тексерілді»

«Балбөбек» жекеменшік

шағын орталығының

әдіскері Маж А.Е.Махашева

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

Тақырыбы: «Өз,Наурыз»

Өткізген №1 «Күншуақ» кіші тобының

Тәрбиешісі: Мендыгулова А.А.

2024-2025оқу жылы

Қош келдің Әз Наурыз

Жүргізуші: Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,
Мандайымнан сүйіп жатыр нұр көктем
Жарығымен, шуағымен Күн - Ана
Алып келдің жер бетіне нұр көктем!
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Жер шарын мекендеген ұлттар мен елдердің сан түрлі мейрамы бар. Ал, Наурыз - қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Бұл күн мен түн теңелетін мереке. Сондықтанда халқымыз Наурызды «**Жыл басы**», «**Ұлыстың ұлы күні**» деп атайды.

Қазақ халқының күнтізбесі бойынша, Наурыз мерекесі көктеммен бірге келеді. Өйткені көктемде жер дүние жасарып, жаңарады, өмірге қайта келеді. Осы тіршілікпен бірге, адамдардың да өмірі жандалады, жайнай түседі. Олай болса, бүкіл тіршілік атаулыны жаңартып, жақсартқан Наурызға шын ниетпен «Қош келдің, **Әз Наурыз!**» деп атайық.

Балалар хормен: «Наурыз әні!»

Жүргізуші: Ұлыстың ұлы күнін, яғни төл мейрамымызды қазақ халқының ұлттық биімен ашқымыз келіп отыр

Би: «Қазақ биі»

Жүргізуші: Балалар бізге «**Әже**» келіп қалыпты. Әже біздің балалардың дайындаған тақпақтары бар, келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

Айсана: Құтты болсын Наурыз
Жалқаулық қос жауымыз

Әділ: Наурыз тойы әдемі,
Әжемді еске түсірді

Перизат: Біздерге арнап әдемі,
Наурыз көже пісірді.

Дамир: Кел балалар ойнайық,
Наурыз тойын тойлайық

Айлин: Баянды боп мереке
Қыр гүліндей жайнайық

Жүргізуші: Дастарханымыздан ешқашан ырыс береке кетпесін дей отырып кезекті Дастархан биге береміз.

Қыздар биі: «Дастархан»

Ұлдар биі: «Тұлпарым»

Жүргізуші: Ал, құрметті халайық, бесікке салу рәсіміне кезек берейік.

Әже: Алас- алас баладан алас,

Иесі келді, пәледен көш.

Алас, алас баладан алас,

Көзі жаманның, көзінен алас.

Тілі жаманның тілінен алас,

Қырық қабырғасынан алас.

Отыз омыртқасынан алас,-деп пәле – жала, жын-шайтаннан, тіл-көзден сақтасын деген тілек айтылады.

Әлди әні:

Жүргізуші: Әже енді бізге бата беріңіз.


«Әже бата береді» Ұлысың оң болсын,
Ақ мол болсын.
Қайда барса жол болсын!
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!
Ұлыс береке берсін,
Бәле - жала жерге енсін!

Жүргізуші:

Наурызым ардақты
Халқым саған бар үмітін жалғапты!
Жылда осылай келе берсін жарасып!
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!
Наурыз береке – бірлік әкелсін!
Сау болыңыздар!

«Әз, Наурыз»



«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының әдіскері
Махашева Т.Е. 

22- Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік
Тақырыбы: «Наурыз ұлыстың ұлы күні»

Өткізген №2 «Балбөбек»
ортаңғы тобының
тәрбиешісі Тажигалиева М

2023- 2024 оқу жылы

Наурыз – Ұлыстың ұлы күні»

Мақсаты: Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Балалардың ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Грамматикалық талғада жүйелі сөйлеуге, мерекелік көңілін көтеру, елге деген сүйіспеншілікпен бірге, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Наурыз мерекесіне арналған суреттер, киіз үй, шарлар, дөңгелек үстел, бесік.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезені

— Сәлеметсізбе, құрметті ата-аналар, балалар, қонақтар! Бүгінгі Наурыз мейрамына арналған «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» атты ертеңгілімізді салтанатты түрде ашуға рұқсат етіңіздер.

— Балалар, міне Наурыз да келді. 22 наурыз жыл басы. Наурыз үлкен мейрам.

Көптен күткен Наурыз тойы арайлы,

Нұрға бөлеп міне жатыр манайды!

Мал біткеннің бал татыған уызды,

Қуат болып қанымызға тарайды.

Төрт түлік мал халқымыздың сүйері,

Көңілімнің күмбірлеген күйі еді.

«Аман ба» деп мал жаның?

Бірін-бірі құшақтасып сүйеді.

— Ал, балалар! Құрметті ата-аналар, ұстаздар! Бәріміз тұрып бір-бірімізді құшақтап, бір-бірімізге жақсы тілектер айтып, Наурыз мейрамымен құттықтайық!

Наурыз – Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Ақ мол болсын!

Жаңа жыл бақ, береке, молшылық әкелсін!

II. Әңгімелесу

Наурыз шығыс күнтізбесінде жаңа жыл басы деп саналады. 21-22 наурызда күн мен түн теңеледі. Наурыз деген сөздің өзі «нау» — жаңа, «руз» — кун деген сөздерден алынып, жаңа жыл деген ұғымды білдіреді. Адамдар Наурызға дайындалады. Олар үй, арық, аула, көшені тазалайды. Ағаш, гүл егеді. Адамдар үйлерінде дастархан жайады. Ән шырқап, би билеп, ойын ұйымдастырады.

— Құрметті қонақтар, балалар! Наурыз құтты болсын! (бір ата-ана шашу шашады, музыка қосу)

— Наурыз — бақыттың бастамасы, ұлылықтың ұйытқысы, жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, өмірге нұр сыйлаған, сезімге гүл сыйлаған халық қастерлейтін күн.

— Ал, енді біздің кішкентай бүлдіршіндеріміз наурыз мейрамға дайындаған таппақтарын ұсынады.

Ортаға екі бала шығады. Екі бала төс қағыстырып аман – саулық сұрасады.

Ердаулет : Ассалаумағалейкум

Ұлыс оң болсын

Ақ мол болсын!

Омар: Уағалейкумссалам

Ұлыс оң болсын

Пәле – жала жерге енсін!

Жүргізуші: Ұлыстың ұлы күнін, яғни төл мейрамымызды қазақ халқының ұлттық биімен ашқымыз келіп отыр.

Би: «Батырлар биі»

Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Ендеше, ақ кимешегі наурыздың аппақ қарындай, ананың аппақ арындай, әжеміз наурыз көже әкелді. Қош келдіңіз!

Балалармен амандасады.

Әже : (қолында тостаған)

Наурыз құтты болсын, осы мейрам әр шаңыраққа бақыт, табыс, қуаныш әкелсін!

Ұлыс бақты болсын, әр күндерің жақсы болсын, ақ мол болсын, төрт –түлігі ақты болсын,

қайда барса жол болсын!

- Балалар «наурыз көже» туралы не білесіңдер?

- күріш, тары, бидай, құрт, су, тұз, сүр ет

Әже: Дұрыс айтасындар, балалар! Наурыз көжені дайындау үшін жеті түрлі тағам салады.

- Ал, қонақтар, балалар жыл бойы тоқшылық болсын, қазанымыз оттан түспесін, дастарханымыз кең жайылсын деген, ақ тілекпен наурыз көжеден дәм татыңыздар!

- отырған қонақтарға наурыз көжені ұсынады.

Жүргізуші: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

Ердаулет: Наурыз тойы әдемі,

Әжем еске түсірді

Біздерге арнап әдемі,

Наурыз көже пісірді.

Бота: Кел балалар ойнайық,

Наурыз тойын тойлайық

Жүргізуші: Ендігі кезекте бүлдіршіндердің орындауындағы тамаша әнді қабыл алыңыздар.

Ән: «Дастарқан»

Тәрбиеші: Әже, біздің балаларымыз наурыз көже туралы тақпақ айтқылары келіп тұр екен, олай болса кезекті балалар тақпақтарына берейік.

Айзере: Наурыз тойы, Наурыз тойы,

Құтты болсын ағайын.

Наурыз тойы, Наурыз тойы,

Келді біздің Жаңа жыл!

Жүргізуші: Тойды одан әрі тұсау кесу рәсімімен жалғастырсақ деген тілек бар. Бүгінгідей ұлы мерекеде аяқтарын апыл –тапыл басып, бақша есігін аттағалы отырған шөберелеріңіз де бар. Мына жиналған халық, мына отырған немерелеріңіз ата салтын, халық дәстүрін көріп тамашаласын.

Әже: Әлбетте, қарағым ! Ал, халайық менің шөберемнің тұсауын кесіп, жоралғысын алар қайсың бар?

- Мен бар, мен бар –деп біреу шығады.

Әже:

Ала жіпті алайын

Әжеңе алып барайын

Ер жетті деп айтайын

Шашуын жеп қайтайын

Қаз, қаз балам, қаз балам!

Қадам бассаң мәз болам

Күрмеуінді шешейін

Тұсауыңды кесейін

Қаз бол ғой қарағым

Құтты болсын қадамың

Өмірге аяқ баса бер!

Асулардан аса бер!

Әже шашу шашады, бата береді.

Әже: Шөберемнің тұсауын кестің, орамал тон болмайды, жол болады
рахмет!(Сыйлығын береді)

Ойын: «Сиқырлы ағаш үй»

Ойынның барысы: Ағаш үйдің ішіндегі ұлттық құндылықтарға байланысты
ұлттық бұйырдарды орналастыру. (Ұлттық киімдер, әшекей бұйымдар,
ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар, ұлттық ыдыстар, ұлттық аспаптар)

Жүргізуші: Ендігі кезекті мың бұралған қыздарымыздың билерін
тамашалаңыздар:

Би: «Қамажай биі»

Жүргізуші: Біздің халқымыз осындай тамаша, тәрбиелік мәні зор салт
дәстүрге бай халық. Енді «Қол күрес» ойынын ойнатайық.

Жүргізуші: Осымен «Жыл басы – Наурыз» атты мерекелік кешіміз
аяқталды. Келесі жылы кездескенше сау болыңыздар!

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының әдіскері
Махашева А.Е. *Мах*

Мерекелік іс шара

Тақырыбы «Ұлыс күні оң болсын !»

Өткізген № 3 «Ботакан»
ересек тобының
тәрбиешісі Әбішаева Ү

2023 – 2024 оқу жылы

Залда әсем әуен ойнап тұрады. Балалар билеп кіреді
Тәрбиеші: Күлімдеген шуакты көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді. Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Ұлы мереке сіздерге бақыт, қуаныш, сыйласын!
Тәрбиеші: Армысыздар құрметті қонақтар. Ұлыс күндеріңіз құтты болсын! Келе жатыр жылымыз, Мейрамдаймыз мұны біз. Халқы сүйген мейрамды Қарсы алайық Наурызды! -дей келе бүгінгі мерекеге **Әжесі мен Наурыз қыз** келе жатыр екен қонақтарымызды қарсы алайық.
Әжесі: Қаптың аузы ашылсын
Наурыз шашу шашылсын
Шашуды тер халайық
Ырысың артсын молайып!
(Әжесі шашу шашады)

Наурыз қыз:

Мен Наурыз- қызбын
Ұлыс күнге жеттік міне, асыға
Келген жылым жақсылыққа басташы
Қуанышпен әр үйдің
Босағасын атташы
Тәрбиеші: Қош келдіңіздер төрлетіңіздер! дастархан басына жайғасыңыздар. Наурыз жыл басы, наурыз қуаныш мерекесі.
Наурыз - бақыт пен шаттық мерекесі.
Наурыз – көктем мерекесі. Ендеше «Көктем» туралы ән шырқайық
ӘН: «Көктем келді»
Тәрбиеші: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

Раяна

Наурыз тойым, Наурыз тойым.
Құтты болсың халайық!
Қане, достар, қане, достар,
Шырқап әнге салайық.

Ерсұлтан

Наурыз айы - гүл айы
Наурыз айы - нұр айы
Наурыз айда халқымның
Құлпыра түсер шырайы

Байбол Алинұр
Наурыз келді еліме
Наурыз келді жеріме
Байлық бақыт тілеймін!
Бүкіл қазақ еліне!

И.Айзере
Наурыз айы - гүл айы
Наурыз айы - нұр айы
Наурыз айда халқымның
Құлпыра түсер шырайы

Нұрислам
Күн түн теңелді
Ел ырысқа кеңелді
Ата баба тойлаған
Наурыз тойы тойлансын

Тәрбиеші: Балалар, жарайсыңдар!
Әндетіп Алдар келеді (Мен Алдармын, Алдармын)
Ән айтып жатқан балалардың даусын естіп келдім. Бұл жерде мереке болып жатыр ма?

Тәрбиеші: Иә, Алдар көңіл - күйің жақсы екен, амансың ба?

Алдар: Амансыздар ма! Наурыз мейрамы құтты болсын.

Иә, сараң байды алдап, мінекей Наурыз мейрамына жаңа шапан киіп көңілді келемін. (көрсетіп қояды шапанын)

Тәрбиеші: Ендеше ұлыстың ұлы күнін бізбен бірге қарсы ал, Наурыз мейрамы құтты болсын!

Алдар: Рахмет! Мен сендерге құр қол келген жоқпын. Ұлттық ойындардың бірі асық ату ойынын, ойнауға бір дорба асықтар ала келдім.

Ойын: (Асық ойыны)

Тәрбиеші: Рахмет саған Алдар. Ойының балаларға өте ұнады, кел дастархан басына төрлет.

Алдар: Рахмет (дастархан басына отырады)

Тәрбиеші:

Ән мен күйді шалқытып,

Інжу, маржан шашайық.

Жиналған халық таң қалсын,

Өнерден күмбез жасайық.

Ортада қыздарымыздың «Шашу» биін қарсы алыңыздар.

Ән «Наурыз»

Нұрайым

Адамға қарап керілме

Муслима

Көк шөпті жұлма

Абдумалик

Құстардың ұясын бұзба

Құмырсқаның илеуін бұзба.

Медина

Суға түкірме

Әже: Балаларым мен сендерге қазақтың салт дәстүрі шашбау тағу рәсімін көрсеткелі отырмын. Шашбауды шолпы деп атаған. Шолпы – ұлттық әшекей ғана емес, қыз баласының бойжеткенін білдіретін рәміз. Он бес жасқа толғанда жеңгесі екі үзбелі күміс шашбауды қос бұрымына тағады. Мұны – шолпы тағу дәстүрі дейді. Осы сәттен бастап бойжеткенін білген ару жүрісіне дейін мән бере бастайды. Өйткені құда түсушілер қыздың мінезін шолпысының сыңғырынан аңғарған.

Әже: Мына наурыз мерекесіне бір әдемі кілемшені әшекейлеуді бастап едім, аяқтай алмай қойдым. Мына көзде көрмейді, кәрілікте келді. Балалар маған көмектесіп жібересіндер ме? Келіндер, отырыңдар – деп жерге отырады (Әже жерге отырып, кілемшені жайып, оюларын жанына қойып, қалай жасау керек екенін көрсетеді.)

Тәрбиеші: Әрине, балалар әжеге көмектесеміз бе? Әже, сіз көрсетіп отырыңыз, қайсысын қай жерге орналастыру керек екенін. 4 бала шығару

Әже: Ой, рақмет, балалар! Өркендерің өссін, көп жасаңдар. Қандай тамаша кілемше болды – деп жайып көрсетеді

Тәрбиеші: Қандай көмек керек болса айтыңыз, біз әрқашанда көмектесуге әзірміз. Солай ма, балалар?

Ақ ниетпен өткенге салауат айтып, ақ тілекпен жаңа Наурызды қарсы алайық! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз. Еліміз өркен жайып, Наурыз баршамызға ынтымақ пен сәттілік алып келсін,-дей отырып бүгінгі наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқтаймыз. Келесі кездескенше бай, қуатты болайық!

Тәрбиеші: балалар дөңгелене отырамыз, қолымдағы жіпті көріп отырсындар,
осы жіпті орай отырып, бір – бір тыйым сөз айту керек.
Дайынбыз ба? Бастаймыз.

Бақдаулет

Үйде ысқырма

Қасым

Үлкеннің жолын кеспе

Ерсұлтан

Асты үрлеме

А.Алихан

Саусағыңды аузыңа салма

Мансур

Тіліңді шығарма

Мейіржан

Жақты таянба

И.Айзере

Тізеңді құшақтама

София

Табаныңды тартпа

Амина

Бір қолмен нанды үзбе

Абубакір

Есікті қатты жаппа

И.Алихан

Отқа түкірме

Байбол Алинұр

Үйге қарай жүгірме

Бақдаулет Алинұр

Есікті керме

Нұрислам

Үлкеннің алдын кеспе

Ясина

Босағаға тұрма

Раяна

Бос бесікті тербетпе

Азима

Бетінді баспа

Тақырыбы "Ұлыс күні оң болсын!"

